

**Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV "Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 4 қарашадағы № 20/181-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қарашада № 30450 болып тіркелді

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV "Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2523 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы*

*Д. Рыпаков*

Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2022 жылғы 4 қарашадағы  
№ 20/181-VII шешіміне  
қосымша

Шығыс Қазақстан облыстық  
мәслихатының  
2009 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 17/225-IV шешіміне  
қосымша

**Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	147,3
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге /1000 текше метр	423,3

3	Ауыл шаруашылығы	теңге /1000 текше метр	119,2
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге /1000 текше метр	119,2
5	Су энергетика	теңге /1000 киловатт-сағат	44,4
6	Су көлігі	теңге /1000 тонна- километр	16,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК